

Б.Т. Мырзақұлов¹, А.О. Ақжігітова²

¹М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
Алматы, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан.

E-mail: ¹bauyrzhanmyrza@mail.ru, ²akkibat.kaznu@mail.ru
ORCID: ¹0000-0003-1205-456X, ²0000-0001-7336-214X

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ ШЕЖІРЕСІНІҢ ТЕКСТОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аңдатпа. Мақалада Шәкәрім Құдайбердіұлының шежіре кітабы мен шежірелік дастанының текстологиялық мәселелері сөз болады. Атап айтқанда, автордың 1911 жылы Орынбор қаласында шыққан «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі» кітабы мен «Қазақтың түп атасы – батыр Түрік» деп басталатын шежірелік дастанының әр жылдардағы басылымы сараланады. Сондай-ақ шежірелік дастанның шынжандық және «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханының сирек қорында сақталған қолжазба нұсқалары салыстырыла зерттеледі. «Оғыз-нама» дастанының басты кейіпкері әрі түркі халықтарының атасы саналатын Оғыз ханның өмір сүрген уақытына қатысты ақынның келтірген деректеріне ғылыми талдау жасалып, іргелі еңбектер аясында тұжырымдар айтылады. Атап айтқанда, ақынның шежірелік дастанында келген «340 жыл» – ақын шығармаларының қолжазбасы арқылы «3400 жыл» екені анықталып, Оғыз ханның өмір сүрген уақыты нақтыланады. Зерттеу жұмысында орта ғасырлық әйгілі тарихшылардың еңбектері кеңінен қолданылып, Оғыз ханның өмір сүрген уақытына қатысты тосын пікірлер келтіріледі. Шәкәрім шежіресін зерделеуде Рашид ад-Диннің «Жамиғ атауарих» (Тарихтар жинағы), Мырза Ұлықбектің «Турт улус тарихи» (Төрт ұлыс тарихы), Шараф ад-Дин Әли Йазидидің «Зафар-нама» (Женіс кітабы), Қыдырғали Жалайырдың «Жылнамалар жинағы», Әбілғазы Баһадүр ханның «Түрік шежіресі», Мунис пен Ағихидің «Фирдаусу-л-икбал» еңбектерінің маңызы өте зор. Сонымен қатар осы зерттеу жұмысында Шәкәрім шежіресінің текстологиясы қарастырылып, кейбір мәтінтанулық мәселелер өз шешімін табады. Бұл алдағы уақытта шығатын Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының толық академиялық жинағын әзірлеуге де септігін тигізеді.

Алғыс: Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің BR18574216 «Уақыт пен кеңістіктегі мәдени құндылықтар транзиті» гранттық жобасы аясында дайындалды.

Кілт сөздер: Шәкәрім, шежіре, Оғыз хан, «Оғыз нама», тарих, дастан, қолжазба

Б.Т. Мырзақұлов¹, А.О. Ақжігітова²

¹Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова,
Алматы, Казахстан

²Казахского Национального университета имени аль-Фараби
Алматы, Казахстан

E-mail: ¹bauyrzhanmyrza@mail.ru, ²akkibat.kaznu@mail.ru
ORCID: ¹0000-0003-1205-456X, ²0000-0001-7336-214X

Текстологические проблемы генеалогии Шакарима Кудайбердиева

Аннотация. В статье рассматриваются текстологические вопросы генеалогической книги и генеалогического эпоса Шакарима Кудайбердиева. В частности, выделяются редакции произведения

автора, начинающиеся со слов «Прародитель казахов – батыр Тюрк» и книга автора «Тюркские, киргизско-казахские и ханские хроники», изданная в Оринборе в 1911 году. Также сравниваются и изучаются синьцзянский вариант генеалогического эпоса и рукописи, сохранившиеся в редком фонде Центральной научной библиотеки РГП «Ғылым ордасы». В рамках фундаментальных трудов произведен научный анализ данных, связанных с жизнью Огиз-хана, главного героя эпоса «Огиз Нама» и отца тюркских народов, и высказаны новые мнения и выводы. В частности, «340 лет» в эпосе родословной поэта определяется как «3400 лет» по рукописи произведений поэта и уточняется время жизни Огиз-хана. Однако в исследовательской работе широко используются труды известных историков Средневековья, а о времени жизни Огиз-хана высказываются удивительные мнения. При изучении генеалогии Шакарима имеют Большое значение труды, такие как «Джамиг ат-Таварих» (Сборник историй) Рашид ад-Дина, «Турт улус истори» (История четырех народов) Мырзы Улыкбека, «Зафар-нама» («Книга Победы») Шараф ад-Дина Али Йазди, «Сборник летописей» Кыдыргали Жалаира, «Тюркская летопись» Абилгазы Бахадур-хана, «Фирдаусу-л-Икбал» Муниса и Агахи. В то же время в данной исследовательской работе рассматривается текстология генеалогии Шакарима и решаются некоторые текстологические проблемы. Это также будет способствовать созданию полного академического собрания произведений Шакарима Кудайбердиулы, которое будет опубликовано в будущем.

Благодарности: Статья подготовлена в рамках грантового проекта BR18574216 «Транзит культурных ценностей во времени и пространстве» Комитета науки МНВО РК.

Ключевые слова: Шакарим, генеалогия, Огиз-хан, «Огиз Нама», история, эпос, рукопись.

B.T. Myrzakulov¹, A.O. Akzhigitova²

*¹M.O. Auezov Institute of Literature and Art,
Almaty, Kazakhstan*

*²Al-Farabi Kazakh National University
Almaty, Kazakhstan*

*E-mail: ¹bauyrzhanmyrza@mail.ru, ²akkibat.kaznu@mail.ru
ORCID: ¹0000-0003-1205-456X, ²0000-0001-7336-214X*

Textological problems of genealogy of Shakarim Kudaiberdiev

Abstract. The article examines textual issues of the genealogical book and genealogical epic of Shakarim Kudaiberdiev. In particular, the editions of the author's work, beginning with the words "The Progenitor of the Kazakhs - Batyr Turk" and the author's book "Turkic, Kyrgyz-Kazakh and Khan Chronicles", published in Orinbor in 1911. The Xinjiang version of the genealogical epic and manuscripts preserved in the rare collection of the Central Scientific Library of the RSE "Gylym Ordasy" are also compared and studied. Also, within the framework of fundamental works, a scientific analysis of data related to the life of Ogiz Khan, the main character of the epic "Ogiz Nama" and the father of the Turkic people, was carried out, and new opinions and conclusions were expressed. In particular, "340 years" in the epic of the poet's genealogy is defined as "3400 years" according to the manuscript of the poet's works and the life time of Ogiz Khan is specified. However, the research work widely uses the works of famous historians of the Middle Ages, and surprising opinions are expressed about the life of Ogiz Khan. When studying the genealogy of Shakarim, works such as "Jamiq at-Tawarikh" (Collection of stories) by Rashid ad-Din, "Turt ulus history" (History of four nations) by Myrza Ulykbek, "Zafar-nama" ("Book of Victory") by Sharaf ad-Din Ali Yazdi, "Collection of Chronicles" by Kydyrgali Zhalaier, "Turkic Chronicle" by Abilgazy Bahadur Khan, "Firdausu-l-Iqbal" by Munis and Aghaha are of great importance. At the same time, this research work examines the textual science of Shakarim's genealogy and solves some textual problems. This will also contribute to the creation of a complete academic collection of Shakarim Kudaiberdiev's works, which will be published in the future.

Acknowledgements: The article was prepared within the framework of the grant project BR18574216 "Transit of cultural values in time and space" of the Science Committee of the MSHO RK.

Keywords: Shakarim, genealogy, Ogiz Khan, "Ogiz Nama", history, epic, manuscript.

1. Кіріспе

Ұлы Абайдың «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» атты шағын зерттеу еңбегінің жалғасы ретінде жазылған Шәкәрім Құдайбердіұлының «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» кітабы мен «Қазақ түп атасы» атты шежірелік дастаны қазақ ғылымында үлкен маңызға ие. Шәкәрім қажының қазақ тарихы мен мәдениетін терең тануға арналған шығармаларына өз уақытында Ә.Бөкейханов: «Мұнан бұрын қазақ шежіресі қазақ тілінде кітап болып басылған жоқ. Шәкәрімнің бұл кітабы – қазақ шежіресін білмек болған аға-іні іздегенді осы кітаптан табасың. Енді мұнан былай қазақ шежіресін жазбақ болған кісі, Шәкәрім кітабын әбден білмей қадам баспа» (Шәкәрімтану мәселелері, 2007: 251), – деп жоғары баға берген.

Ақын «Қазақтың түп атасы – батыр Түрік» деп басталатын шежірелік дастанында қазақтың терең тарихына үңіліп, тегімізді түгендейді. Барлық ұлт пен ұлыстарды хазірет Адам атадан таратып, топан судан кейін адамзатты екінші рет Нұх пайғамбардың Сам, Хам, Яфас атты үш ұлынан өрбітеді. Ал хазірет Нұхтың кенже баласы – Яфастан Түрікті тудырады. Түріктің шын аты – «Надұлұше» болады. «Түрік» сөзі – «темір тымақ» (дулыға) деген мағынаны білдіреді. Осыдан кейін Нұхтың оныншы ұрпағы Оғыз ханға тоқталып, оны әлемді билеген ұлы патша деп дәріптейді. Сонымен қатар, ол әйгілі билеушінің өмір сүрген уақытын да нақты айтып өтеді. Өкінішке қарай, автордың 1991 жылы шыққан кітабы мен кейінгі басылымдарында бұл мерзім қате берілген:

Жазады талай елдің жазушысы,

«Адамның өзгеше, – деп, – қылған ісі».

340 жыл бұрын пайғамбардан,

Атағы жер жүзіне шыққан кісі (Құдайбердіұлы, 1991: 70).

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Әдістер

Жұмысты жазу барысында Шәкәрімнің шежіре кітабы мен шежірелік дастаны шыңжаңдық және сирек қордағы қолжазба нұсқалармен салыстырмалы-тарихи, типологиялық зерттеу әдістері негізінде зерделенеді.

2.2 Материалға сипаттама

Мақалада Шәкәрім қажының шежіре кітабының алғашқы литографиялық нұсқасы (Құдайберді ұғлы, 1911) мен сирек қорда сақталған қолжазбасы (№1588) және ақын шығармаларының әр жылдағы басылымдары зерттеу нысанына алынады. Сонымен қатар, аталған еңбектерде келген Оғыз хан бейнесі мен және оның қай кезеңде өмір сүргеніне қатысты пікірлерге ғылыми талдау жасалады. Ол үшін отандық тарихшы ғалымдардың көзқарастары мен орта ғасырлық тарихи дерекнамалар да кеңінен пайдаланылады.

3. Талқылау

Кейінгі зерттеушілердің жаңсақ тұжырым жасауына түрткі болған бұл қателікті түзетудің бірден-бір жолы – текстологиялық әдіске жүгіну. Біз осы мақсатта «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының сирек қорында сақталған Шәкәрім шығармаларының қолжазбасына үңілген едік. Нәтижесінде шежірелік дастанның кейінгі басылымдарында келген «**340 жыл**» (үш жүз қырық) – «Қазақтың түп

атасы» деген жырда *«үш мың төрт жүз жыл»* (3400) деп жазылғанына куә болдық (Шәкәрім Құдайбердіұлының қолжазбалары, №1588: 121).

Осы тұста «қолжазбада да қателік орын алуы мүмкін» деп уәж айтылушылар табылуы ықтимал. Дегенмен, Шәкәрім қажының «Түрік, қырғыз, қазақ хәм ханлар шежіресі» кітабы көңілдегі күмәнді сейілтеді. Ақын осы еңбектің «Хан шежіресі» бөлімінде: *«Қара ханның баласы Оғыз хан. Аланышы [Нұх пайғамбардың жетінші ұрпағы – Б.М.] кезінде жұрт дінінен шығып еді, осы Оғыз мұсылман болып әркімді мұсылман қылғанын әкесі Қара хан естіп баласымен ұрысып, сол соғыста Қара ханға оқ тиіп өліп, орнына Оғыз хан болды, мұның хан болғанын мұсылманша шежіре кітаптарда біздің пайғамбарымыздан 3400 жыл бұрын дейді. Бұл Оғыз хан бек мықты хан болып, жер жүзінің талай жерін алған хан еді. Оғыз хан деген атақты хан болғанын барша шежіренің бәрі айтады. Қайсы біреулер жоғарғы Мете яки Мөте деген хан осы десе де, оның уақыты дұрыс келмейді»* (Құдайберді ұғлы, 1911: 74-75) – дейді. Яғни, ғұлама ақын Оғыз хан мен Ғұн көсемі Мөденің бір тұлға емес екенін дәйектеп, кейбір зерттеушілердің (Н.Я.Бичурин, А.Кабаклы, т.б.) пікірін жоққа шығарады. Себебі, Оғыз хан Мұхаммед пайғамбардан (570-632) тұп-тура 3400 жыл бұрын өмір сүрсе, онда ол б.з.д. XXVIII ғасырда билік құрған болады. Ал Тұман ұлы Мөде қағанның б.з.д. 228 жылы дүниге келіп, б.з.д. 174 жылы қайтыс болғаны белгілі.

«Бабалар сөзінің» 32-томы Қытайдағы қазақ фольклорына арналған. Томға ел арасында «Қазақ тарихы дастаны» деп танылған «Қазақтың түп атасы – батыр Түрік» деген шежірелік дастан кірген. Басылымның ғылыми түсінігінде бұл шығарманы «кім, қашан жырлағаны беймәлім» деп жазылған. Жырды Тарбағатай аймағы, Дөрбілжін қаласының тұрғыны зейнеткер Беделбек Еженбекұлы 1990 жылы аудандық мәдениет үйіне қолжазба күйінде табыс еткен екен. Бұл шығарма Іле «Халық» баспасынан 1992 жылы жарық көрген «Дөрбілжін ауданының қисса-дастандары» жинағында алғаш рет жарияланады. Беделбек жыршының «Үлкендердің аузынан бұл шежірені Шәкәрім Құдайбердіұлы жазған деген сөздерді естідім, бірақ анық-қанығын білмеймін» (Бабалар сөзі, 32-т., 2006: 376) деген сөзіне мән берсек, Қытайдағы қазақтың көнекөз қариялары шежірелік дастанның авторы кім екенін білген деген ойдамыз. Өйткені Шәкәрім ұлы Зияттың алмағайып заманда бас сауғалап Алтай аймағына, одан әрі Қытайға өткені белгілі.

Шежірелік дастанның шынжандық және сирек қордағы қолжазба нұсқаларын салыстырғанымызда, олардың бір шығарма екені нақтыланды. Екі нұсқаның көлемі бірдей болғанымен, кейбір сөздерінде айырмашылық бар. Мәселен, сирек қордағы нұсқада *«Пәленше сахабаның затысың деп»* келсе, бұл қатар шынжандық нұсқада *«Ғакаша [Укаша – Б.М.] сахабаның ұрқысың деп»* берілген. Мұндай мысалдар жеткілікті. Сонымен қатар, шежірелік дастан Шәкәрімнің 1991 жылы шыққан кітабында толық жарияланбағанын айтуымыз керек. Бұл басылым: *«Осыған соны қосып жаттап алсаң, Білерсің түп атаңның барлық сырын»* (Құдайбердіұлы, 1991: 76), – деген жолдармен аяқталады. Ал сирек қордағы қолжазба және шынжандық нұсқалар: *«Жаратқан Алла жар болып, Бейістен нұры шалқығай!»* (Бабалар сөзі, 32-т., 2006: 72) деп бітеді. Есептеп қарағанда, Шәкәрімнің 1991 жылғы басылымына жырдың 157 қатары кірмей қалған.

Аленді шежірелік дастанның шыңжаңдық нұсқасында Оғыз хан пайғамбарымыздан қанша жыл бұрын өмір сүрген деп жазылған, соған назар аударайық:

Жазады талай елдің тарихшысы,

Адамнан өзгеше еді қылған ісі.

Үш жүз қырық жыл бұрын пайғамбардан,

Атағы жер жүзіне шыққан кісі (Бабалар сөзі, 32-т., 2006: 60).

Көріп тұрғанымыздай, бұл нұсқада да қателік орын алған. Біздің ойымызша, Шәкәрім шығармасын көшірушілердің кейбірі шежірелік дастандағы санмен берілген «3400 жылдын» бір нөлін жаңылыс оқыған болуы мүмкін. Өйткені араб тілінде «нөл» саны – ноқат «•» белгісімен жазылатынын ескерсек, қолжазбадағы екі нөлдің (3400) бірінің өшіп қалуы ғажап емес. Бұл мәселелер жуырда шығатын Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының академиялық толық жинағында өз шешімін табады деген үміттеміз.

Сондай-ақ Шәкәрім шежіресін ғылыми тұрғыдан зерттеген тарихшы-ғалым Ж.Артықбаев «Қазақ ауызша дәстүрі оғыз тарихының кілті» атты мақаласында: «*Оқырман бірден осы жырдағы «пайғамбардан 3400 жыл бұрын» деген мәліметке назар аударуы керек, яғни ғылыми хронологияға салсақ Оғыз қағанның өмір сүрген уақыты қазіргі жыл санауымызға дейінгі 2800-ші жылдар*» (e-history.kz, 2018), – деп өз пікірін білдірген.

Демек, Шәкәрім қажының шежіре кітабы мен шежірелік дастанында келген деректер бойынша Оғыз хан осыдан 4823 жыл бұрын өмір сүрген болып шығады (2800 + 2023 = 4823). Бірақ орта ғасырлық тарихи деректерде Оғаз хан дәуірі басқаша көрініс тапқан. Ендеше, осы мәселе төңірегінде Шәкәрімге дейінгі ұлы тарихшылардың не дегеніне көңіл аударайық.

Шәкәрім қажының шежіре кітабы: «*Атамыз Адам пайғамбардан бері қарай атадан-атаға үзілмей жазылып келген шежіре ешбір жұртта жоқ*» » (Құдайберді ұғлы, 1911: 2) деп басталады. Дегенмен, орта ғасырдағы ғалымдар адамзат тарихындағы ең елеулі оқиғалардың болған уақыттарын қолдағы бар деректер арқылы анықтауға тырысқан. Мәселен, ұлы астраном Ұлықбек Мұхаммед Тарағай (1394-1449) «Турт улус тарихи» (Төрт ұлыс тарихы) атты еңбегінде ұлы ғалым Әбу Райхан Беруни және оның шәкірттерінің Нұх пайғамбар кезінде орын алған топан су мен хижра жыл санауына дейінгі мерзімді есептегендерін келтіреді. Олардың көзқарасы бойынша жұма күні басталған топан судан хижраның бейсенбі күніне дейін 3725 жыл 348 күн өтеді. Сондай-ақ Мырза Ұлықбек бұл деректі Хамның «Жаһан нама» рисаласынан алғанын айтады. Ол бұдан бөлек топан су мен хижраға дейін 3984 жыл өтті деген пікірдің де бар екенін тілге тиек етеді (Мырза Ұлықбек, 1994: 30). Демек, хижра жыл санауы 622 жылы басталса, одан 3725 жылды шегерсек, топан су оқиғасы – б.з.д. 3103 жылы орын алған болады (622 – 3725 = – 3103). Ал екінші пікірдегі 3984 жылды алсақ, нәтиже б.з.д. 3362 жылға тура келеді (622 – 3984 = – 3362).

Хиуа хандығын билеген қоңыраттардың түгел тарихы жазылған «Фирдаусу-л-икбал» (XIX ғ.) еңбегінде Нұх пайғамбар мен Ибраһим пайғамбардың арасы 1500 жыл, ал Ибраһим пайғамбар мен Мұса пайғамбардың арасы 460 жыл деп келеді (Мунис ва Агахи, 2019: 74). Мұса пайғамбардың б.з.д. 1391-1271 жылдар аралағында

өмір сүргені белгілі. Содан 1391 жылға 460 жылды қоссақ, ол Ибраһим пайғамбардың дүниеге келген дәуіріне тура келеді ($1391 + 460 = 1851$). Тарихи деректерде Ибраһим пайғамбардың б.з.д. XIX ғасырда туып, XVII ғасырда қайтыс болғаны дәлелденген (wikipedia.org). Ал 1851 жылға 1500 жылды қоссақ, Нұх пайғамбардың заманы шығады ($1851 + 1500 = 3351$).

Бұл мерзім Қадырғали Жалайырдың (XVI ғ.) «Шежірелер жинағы» еңбегінде келеді: «...Нұх ғалейһиссаламнан бері және ол заманнан соң түріктер әлемі кітапсыз, қауымында тарих жоқ еді. Оғыз заманынан (бастап) тарих бар еді, әрбір кітаптарда баян етілетін. Онан соң Қытайдың Алтан ханның (жазба) тарихы бар еді. Және тағы, моголдың жазба тарихы әлі жоқ еді. Тағы Сұлтан Саид Ғазан ханның тарихы да жалпы жиынтығы Нұх ғалейһиссаламнан бері ибтида хижратқа (хижраның басталуына) дейін бес мың (5000) жыл өтті деп қысқаша айтылған...» (Жалайыр, 1997: 49-50). Тарихшы мұнда Сұлтан Сейіт Ғазан ханның тарихы деп, оның Рашид ад-динге жаздырған «Жамиғ ат-тауарих» (Тарихтар жинағы) еңбегін айтып тұр. Бұл кітаптың XIV ғасырдың басында жазылғанын ескерсек, әрі осы уақыттан 5000 жылды шегерсек, Нұх пайғамбардың кезеңіне дөп түсеміз ($1300 - 5000 = - 3700$). Нұх пайғамбардың 950 жыл ислам дінін уағыздап, кемі 1000 жыл өмір сүргенін қаперге алсақ, жоғарыдағы есептеулердің негізсіз емес екеніне көзіміз жетеді.

Бір топ ғалымдар Адам атаның жерге түскен уақытынан Нұх пайғамбардың топан суына дейін 2242 жыл өтті десе, «Жаханоро» кітабының иесі 2200 жыл өткен деген пікірді алға тартады (Мырза Ұлықбек, 1994: 30). Ал Мунис пен Агахи «Адам ата мен Нұх пайғамбардың арасы 2500 жыл» деген көзқарасты келтіреді (Мунис ва Агахи, 2019: 74).

4. Нәтижелер

XX ғасырдың ортасына қарай оғыз қаһармандық эпосы феодалдық дәуірдің шығармашылық өнімі ретінде бағаланғаны рас. Осы себепті оғыз тектес кейбір халықтардың мұрасы ашық түрде еленбеді (Koniratbay, 2023: 155). Ал қазіргі таңда бұл тенденция күшін жойып, түркі халықтары тегін тануға ерекше құлшыныспен ұмтылуда деп айтсақ болады.

Ал енді аталған тарихи еңбектер арқылы Оғыз ханның қашан өмір сүргенін анықтайық. Ол үшін Ергенеқон оқиғасы қай кезеңде орын алғанын білуіміз керек. Оған жауапты «Жамиғ ат-тауарих» (Тарихтар жинағы) еңбегінен табамыз: «**Шамамен қазіргі (уақыттан) екі мың жылдай бұрын, көне заманда (кейіннен) мұғул аталған ру мен басқа түркі рулары арасында келіспеушілік орын алып, соңы соғыс және шайқаспен аяқталды. Құрметті де, шыншыл сөзді кісілердің (жеткізген) хикаясы бар, (сол хикаяда айтылғандай) өзге рулар мұғулдардан басым түсіп, оларды сондай қырғынға ұшыратты – (соңында) екі еркек пен екі әйелден артық (басқа ешкім тірі) қалмады**» (Рашид ад-Дин, 2018: 149). Рашид ад-Дин сөзінің жалғасында қырғыннан аман қалған (Оғыз хан ұрпағы) Елханның екі ұлы Қиян мен Нүкіз және екі келіні жаудан қашып, бір тауды паналағанын айтады. Олар жан-жағын таулар қоршаған шөбі шүйгін жерді «Ергенеқон» деп атап кетеді. Ергене – «тік», қон – «баурай» деген мағыналарды білдіреді. Қиян мен Нүкізден тараған ұрпақ осы жерде 450 жыл

тұрады. Ақыры олар таудан түсіп, дұшпаннан ата кегін қайтарып, ел іргесін қайта тіктейді. Олардың тауда жасаған мерзімін Әбілғазы Баһадүр хан «Түрік шежіресі» еңбегінде: «Олар төрт жүз жылдан артығырақ Еркіне қонда отырды» (Әбілғазы, 2006: 33) – деп келтіреді.

«Жамиғ ат-тауарих» еңбегі Ғазан ханның арнайы тапсырысымен 1300 жылдары жазылғанын жоғарыда айтқан едік. Ендеше, осы кезеңнен 2000 жылды шегерейік: $1300 - 2000 = -700$. Нәтижеде Ергенекон оқиғасы б.з.д. 700 жылдары орын алған болады. Ал Қиян мен Нүкіз ұрпақтары Ергенқоннан б.з.д. III ғасырда шығады ($700 - 450/400 = 250/300$).

Бұл кезең Ғұн империясының тарих сахнасына көтерілген уақытына тұспа-тұс келеді. Ергенекондықтарды құрлас текті Бөрте шене бастап шықса, Ғұн империясын Мөде шаньюй құрады. Ғылымда «чәниуй» (шанью) атауы жеке сөз ретінде не мағына беретіні әлі күнге белгісіз болса да, оны ғалымдар «тәңірқұты» деп аударған. Біздің ойымызша, Бөртенің «шене» және Мөденің «шаньюй» атаулары бір сөз, яғни ол «бөрітекті (бөріні кие тұтқан) хан әулетінің ұрпағы» деген мағынаға саяды. Расында, «Оғыз нама» жырында Оғыз хан шатырында тынығып жатқанда таңда көктен жарық түсіп, ішінен көкжал бөрі шығып: «Ай, Оғыз!» деп тіл қатқаны, Оғыз хан әскерін сол көкжал бөрінің бастап жүргені жазылған (Оғыз-наме, 1986: 40-41). Сондықтан да көне түріктер (оғыздар) бөріні кие тұтып, бөрілі байрақ көтеріп, қасқырдай өжет болған (Халықов, 2017, 46). Оған ақын Сүйінбай Аронұлының «Бөрі басы – ұраным, Бөрілі менің байрағым. Бөрілі байрақ көтерсе, Қозып кетер қайдағым!» деген жыр жолдары дәлел. Ал Бөрте [Бөрте-(Б)ө(р)те-Мөте-Мете-Мөде (*Мәселен, бірлән-білән-бән-бен-пен-мен*) – Б.М.] есімі «бөрі» атауынан шықса, «шене» (шаньюй) атауы – ұрпағы, баласы (орысша – *щенок*) сынды мәндерде қолданылған болуы мүмкін.

Ал «Зафар нама» (Жеңіс кітабы, XV ғ.) еңбегінде Ергенекон оқиғасы мен Оғыз ханның арасында 1000 жыл өткенін жазады: «*Бұл оқиға Оғыз хан қайтыс болғаннан кейін арадан мың (1000) жыл өткен кезде орын алды*» (Шараф ад-Дин Әли Йазди, 2021: 29). Сонымен қатар, бұл пікірді Мунис пен Агахи де қолдап: «*«Дерларким, Ығузхон вафотидин бу мансуба вуқуьигача минг йилдин ортуқ ұтуб эрди (Оғыз хан қайтыс болғанына мың (1000) жылдан артық өткеннен кейін бұл оқиға орын алған еді)*» (Муни ва Агахи, 2019: 95) – дейді. **Ергенекон оқиғасы б.з.д. 700 жылдары басталған десек, әрі оған кемі мың (1000) жыл қосылса, Оғыз ханның өмір сүрген уақыты – б.з.д. XIX-XVII ғасырларға сәйкес келеді.** Демек, Оғыз хан Ибраһим пайғамбармен (б.з.д. XIX-XVII) замандас болған деген сөз.

Оғыз хан 72 жыл татарлармен соғысып, 73-жылы оларды бағындырып, жалпы 116 жыл патшалық құрады (Әбілғазы, 2006: 23, 28). Оны кейбір тарихшылар әлемді билеген Зұлқарнайынмен [б.з.д. IV ғ. өмір сүрген Александр Македонский емес – Б.М.] байланыстырады. Расында, тарихи деректерде Құрандағы Зұлқарнайын мен Ибраһим пайғамбар бір дәуірде өмір сүрген деп айтылады. Бір кезеңде әлемді екі патшаның билеуі мүмкін емес екенін ескерсек, онда Оғыз хан мен Зұлқарнайынның бір тұлға екені мәлім болады. Оғыз хан туралы тың зерттеулер мен соны жаңалықтарды кейінгі жазбамызда ашып айтамыз.

Осы ретте айта кететін тағы бір мәселе, тарих ғылымында ерте темір дәуірі б.з.д. VIII ғасырдан бастау алады әрі осы кезеңде темір металлургиясы қолданысқа

кеңінен енгізілді делінеді. Расында, Қиян мен Нүкіз осы дәуірде Ергенқонға кірсе, олар кейінгі темір дәуірінде (б.з.д. III) таудың тар өткеліне от қойып, оған көрік басып, темір қабатын ерітіп сыртқа шығады. Шынтуайтында, ерте темір дәуірінен мың жыл бұрын, яғни Зұлқарнайын (Оғыз хан) заманында да темір өндірісі мәлім болған. Мәселен, Зұлқарнайынның жабайы яжуж-мажуж (гог-магог) халықтарын екі таудың арасына қамап, қорған соққанда темір мен мыс металдарын пайдаланған. Бұл сөзімізге Құран Кәрімде келген Зұлқарнайын туралы аят дәлел: *«Маған темір тақтайлар әкеліңдер» деді. Екі беттің арасы теңелген кезде: «Көріктеңдер» деді. Ол от болған сәтте: «Маған еріген мыс әкеліңдер, үстіне құяйын» деді»* (Кәһф сүресі, 96-аят).

5. Қорытынды

Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының текстологиялық мәселелерін пәнаралық байланыстар аясында зерделеп, туындаған әрбір мәселені шешудің бірден-бір жолы – кадикалогиялық әдіс екені белгілі. Сондықтан ақынның шежіре кітабының кейінгі басылымдары мен шежірелік дастанының түрлі нұсқаларындағы кеткен қателерді түзетудің бүгінгі шәкәрімтану ғылымына тигізер пайдасы мол. Сондай-ақ автордың кейбір сөздеріне іргелі ғылыми еңбектер арқылы түсініктеме (комментарий) берудің де ұтымды жақтары жоқ емес. Ақынның шежірелік туындыларындағы мақалаға кірмей қалған мәселелер алдағы уақытта жарық көретін Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының толық академиялық жинағын дайындау кезінде өз шешімін табады деген үміттеміз.

Ал Шәкәрім қажы сөз еткен Оғыз ханға келсек, ақын өз бектерінде ұлы билеушіні б.з.д. XXVIII ғасырда өмір сүрген десе, орта ғасырлық дереккөздер ұлы билеушінің заманын 1000 жылға бері жылжытады. Бәлкім, ақын да Оғыз ханды Мұхаммед пайғамбардан 3400 жыл емес, 2400 жыл бұрын өмір сүрген деп айтқысы келген болар. Өйткені араб тілінде екі (٢) мен үш (٣) сандары да өте ұқсас таңбаланады. Қорыта айтқанда, Оғыз хан осыдан милади 3723 (хижри 3835) жыл бұрын, яғни б.з.д. XIX-XVII ғасырларда өмір сүрген деп батыл тұжырым жасай аламыз: 2023 + 1700 = милади 3723 жыл (хижри 3835 жыл).

Әдебиеттер:

1. Артықбаев Ж. «Қазақ ауызша дәстүрі оғыз тарихының кілті», <https://e-history.kz/kz/news/show/790>. (қазақ)
2. Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: «Ана тілі», 2006. – 200 б. (қазақ).
3. Бабалар сөзі. Жүз томдық. – Астана: «Фолиант», 2006. Т. 32: Шежірелік дастандар. – 400 б. (қазақ).
4. Ибрахим – wikipedia.org (орыс)
5. Мирзо Улуғбек. «Турт Улус тарихи». – Тошкент: «Чулпон» нашриети, 1994. – 352 б. (өзбек)
6. Мунис ва Огахий. «Фирдаусу-л-икбал». – Ташкент, 2019. – 401 б. (өзбек)
7. Қадырғали Жалайыр. Шежірелер жинағы. Алматы: «Қазақстан», 1997. – 128 б. (қазақ)
8. Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: «Қазақстан»; «Сана», 1991. – 80 б.
9. Құран, «Кәһф» сүресі, 96-аят.
10. Рашид ад-дин Фазлұллаһ Хамадани. «Жамиғ ат-тауарих» (Тарихтар жинағы, XIV ғ.). – Астана: «Фолиант», Т.1., 2018. – 596 б.
11. «Оғыз-наме», «Мұхаббат-наме». – Алматы: «Ғылым», 1986. – 208 б.
12. Халықов Қ.З. Түркі мәдениеті рухани құндылықтарының әлеуметтік-мәдени негіздері. ПМУ

Хабаршысы, ISSN 1811-1815, Гуманитарлық сериясы № 1. (2017).

13. Шараф ад-Дин Әли Йазди. «Зафар нама» (Женіс кітабы, XV ғ.). – Нұр-Сұлтан: «Ғылым» баспасы, 2021. – 454 б.

14. Шәкәрім Құдайбердіұлының қолжазбалары, РМК, №1588. – 217 б.

15. Шәкәрімтану мәселелері. Сериялық ғылыми жинақ. 1-т. – Алматы: «Раритет», 2007. – 448 б.

16. Шәкәрім Құдайберді ұғлы. Түрік, қырғыз, қазақ хәм ханлар шежіресі. – Орынбор: «Кәримов, Хусайнов уа ширкатының» мәтбуғасы, 1911. – 114 б.

17. Tınısбек Koniratbay, Jılbek Kerimbek, Asia Darkenbayeva, Nartay Bekmoldinov, Mayra Sultanova. Korkut'un destansı mirasının incelenmesinde yeni meseleler: sahtecilik ve sahte deęiřtirmeler. Milli Folklor Dergisi, volume 138, 2023, Pages 154-165. ISSN: 13003984. DOI: 10.58242/millifolklor.1072507. (түрік)

References:

1. Artykbaev Zh. «Kazakh oral tradition is the key to the history of the Oguz», <https://e-history.kz/kz/news/show/790>. (in Kaz)

2. Abulgazi Bahadur Khan. (2006) Family tree of the Turks. – Almaty: «Ana tili». – 200 p. (in Kaz)

3. Babalar sozi. (2006) One hundred volumes. – Astana: «Foliant». Vol. 32: Genealogical sagas. – 400 p. (in Kaz)

4. Ibrahim – <https://ru.wikipedia.org> (in Russ)

5. Manuscripts of Shakarim Kudaiberdiuly, p. 217. RMC, No. 1588. (in Kaz)

6. Mirzo Ulugbek. (1994) «The History of Four Nations». – Tashkent: «Chulpon». – 352 p. (in Uz)

7. Munis and Agahl. (2019) «Firdaus al-Iqbal». – Tashkent. – 401 p. (in Uz)

8. Kadyrgali Jalair. (1997) Collection of genealogies. – Almaty: Kazakhstan. – 128 p. (in Kaz)

9. Kudaiberdiuly Sh. (1991) Genealogy of the Turks, Kirghiz, Kazakhs and Khan dynasties. – Almaty, Kazakhstan, Sana. – 80 p. (in Kaz)

10. Quran, Surah Kahf, 96. (in Kaz)

11. Rashid ad-Din Fazlullah Hamadani. (2018) «Jamig at-tawarikh» (Collection of stories, XIV). – Astana: Foliant, T.1. – 596 p. (in Kaz)

12. «Oguz-name», «Muhabbat-name». – Almaty: Gylym, 1986. – 208 p. (in Kaz)


13. Khalykov K.Z. (2017) Socio-cultural foundations of the spiritual values of Turkish culture. Bulletin of PSU, ISSN 1811-1815, Humanitarian series No. 1. (in Kaz)

14. Sharaf ad-Din Ali Yazdi. «Zafar Nama» (Book of Victory, 15). – Nur-Sultan: Publishing House “Gylym”, 2021. – 454 p. (in Kaz)

15. Problems recognizing Shakarim. Serial scientific collection. vol. 1. – Almaty: Raritet, 2007. – 448 p. (in Kaz)

16. Shakarim Kudaiberdiuly. (1911) Genealogy of the Turks, Kirghiz, Kazakhs and Khan dynasties. – Orynbor: Publishing house “Karimov, Khusainov and company”. – 114 p. (in Kaz)

17. Tynysbek Koniratbai, Zhylbek Kerimbek, Asiya Darkenbaeva, Nartai Bekmoldinov, Mayra Sultanova. (2023) New questions in the study of the epic heritage of Korkut: fakes and fake replacements. Milli Folklore Dergisi, volume 138, pp. 154–165. ISSN: 13003984. DOI: 10.58242/millifolklor.1072507. (in Turkish)



«Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының сирек қорында сақталған «Шәкәрім Құдайбердіұлы қолжазбалары» (№1588), «Қазақтың түп атасы» жырында «**Үш мың төрт жүз жыл**» (3400) деп жазылған (121-бет).